

1993 жылы туған жынысы ер азаматтарды Қостанай облысы Қамысты ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 3 шешімі. Қостанай облысы Қамысты ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 ақпанда № 9-11-101 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 5 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 05 мамырдағы № 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, сондай-ақ 1993 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымшылдықпен және сапалы өткізу үшін олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін анықтау, жалпы білім деңгейін, алған мамандығы мен дене даярлығы деңгейін белгілеу мақсатында, Қамысты ауданының әкімі **ШЕШТІМ:**

1. "Қостанай облысы Қамысты ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) 2010 жылдың қаңтар - наурызында тіркеуге тұратын жылы 17 жасқа толатын жынысы ер азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу ұсынылсын.

2. "Қамысты орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) медициналық комиссияны қажетті дәрігер-мамандармен сондай-ақ тіркелінетін азаматтарды сапалы медициналық куәландыру үшін керекті медициналық аспаптармен және медициналық мүліктермен жинақтасын, аудандық ауруханада кезектен тыс амбулаториялық және стационарлық қаралу үшін жағдай туғызсын.

3. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаментінің Қамысты аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) "Қамысты ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен тіркеу кезеңінде тіркеуден жалтарған тұлғаларды іздестіруді және шақыру учаскесінде тәртіпті қамтамасыз ету мәселелерінде өзара іс-қимылды ұйымдастырсын.

4. "Қамысты ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне 1993 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды Қамысты ауданы әкімдігінің қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат есебінен, "Әскери қызметке тіркеу және шақыру жөніндегі іс-шаралар" бағдарламасы бойынша жүзеге асырсын.

5. Тіркеу жүргізу уақытында әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу жөніндегі іс- шаралар өткізілсін. "Қамысты ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) "Қамысты аудандық білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығымен бірлесіп, оқу орындарға әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу нарядтарын жеткізсін, алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары-ұйымдастырушыларын әскери-оқу орындары бойынша анықтама материалдарымен қамтамасыз етсін, олардың жұмысын ұйымдастырсын, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әскери-оқу орындарына үміткерлерді іріктеу жөніндегі жұмыстың басталуы туралы хабарламалар берсін. Тіркеу уақытында әскери-оқу орындарына түсуге әскери-кәсіби бағыттау мақсатымен әр әскерге дейінгілермен жеке ә н г і м е жү р г і з с і н .

6. Селолық округтар мен селолардың әкімдері комиссия жұмысының кестесіне сәйкес тіркелуге жататын жігіттердің уақытында келулерін қамтамасыз етсін.

7. Атқарған жұмыстар туралы Қамысты ауданы әкімінің аппаратын 2010 жылдың 15 с ә у і р і н е х а б а р д а р е т с і н .

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімнің орынбасары Алматы Амантайұлы Қылыбаевқа жүктелсін.

9. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап, он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а м ы с т ы а у д а н ы н ы ң

әкімі

Б. Өтеулин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы Қамысты ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Берекетов Б. Б.

"Қамысты орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері

Жанұзақов М. Ғ.

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаментінің Қамысты аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Өмірбаев Р. А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК